

## **Авиациялық персоналды авиациялық қауіпсіздік мәселелері бойынша қайта даярлау бағдарламасын бекіту туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Азаматтық авиация комитеті төрағасының 2006 жылғы 29 қарашадағы N 275 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2006 жылғы 28 желтоқсандағы Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 4499 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Көлік және Коммуникация министрінің 2010 жылғы 26 тамыздағы № 385 Бұйрығымен.

**Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Көлік және Коммуникация министрінің 2010.08.26 № 385 (ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 24 қарашадағы N 1232 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Азаматтық авиация комитеті туралы ереженің 10-тармағының 2) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Авиациялық персоналды авиациялық қауіпсіздік мәселелері бойынша қайта даярлау бағдарламасы бекітілсін.
2. Әкімшілік және құқықтық қамтамасыз ету бөлімі (Малдыбаев Қ.Ш.) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде заңнамада белгіленген тәртіппен тіркеуді қамтамасыз етсін.
3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
4. Осы бұйрық ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

### *Төраға*

Қазақстан Республикасы  
Көлік және коммуникация министрлігінің  
Азаматтық авиация комитеті төрағасының  
2006 жылғы »29 қарашадағы  
N 275 бұйрығымен бекітілген

## **Авиациялық персоналды авиациялық қауіпсіздік мәселелері бойынша қайта даярлау бағдарламасы**

1. Осы Авиациялық персоналды авиациялық қауіпсіздік мәселелері бойынша қайта даярлау бағдарламасы (бұдан әрі - Қайта даярлау бағдарламасы) мынадай

нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес әзірленген:

1) "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы ;

2) "Азаматтық авиацияны мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңы ;

3) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 25 шілдедегі N 746-қбпү қаулысымен бекітілген Авиациялық қауіпсіздік ережесі;

4) Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Азаматтық авиация комитеті төрағасының 2003 жылғы 12 қарашадағы N 523-қбпү бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы азаматтық авиациясының авиациялық қауіпсіздік Нұсқаулық-бағдарламасы, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізбесінде 2616 нөмірімен тіркелген (бұдан әрі - А Қ Н Б ) ;

5) 1944 жылғы Халықаралық азаматтық авиация туралы Чикаго конвенциясына "Халықаралық стандарттар және ұсынылатын тәжірибе. Қауіпсіздік. Халықаралық азаматтық авиацияны заңсыз араласу актілерінен қорғау" 17-қосымшасының (бұдан әрі - 17-қосымша) 3.1.7 стандарты, сегізінші басылым, 2006 жылғы сәуір, Халықаралық азаматтық авиация ұйымы (бұдан әрі - И К А О ) ;

6) "Азаматтық авиацияны заңсыз араласу актілерінен қорғауға арналған қауіпсіздік жөніндегі басшылыққа" (бұдан әрі - Қауіпсіздік жөніндегі басшылық) ИКАО, DOC.8973 ҚБПҮ, 2002 жылғы 6-басылымы, "Авиациялық қауіпсіздік мәселелері жөніндегі оқыту және даярлау ұлттық бағдарламасы" (үлгілік құрылымы) 7 - қ о с ы м ш а с ы ;

7) Қауіпсіздік жөніндегі басшылыққа "Авиациялық қауіпсіздік қызметі персоналын жинақтау, іріктеу, кәсіптік даярлау және сертификаттау принциптері" 6-қосымшасы.

2. Осы Қайта даярлау бағдарламасында қолданылатын негізгі ұғымдар мен терминдер :

1) авиациялық қауіпсіздік - авиация қызметіне заңсыз араласу актілерінің алдын алу және оларды болдырмау арқылы қамтамасыз етілетін авиацияның қалыпты және қауіпсіз қызметі;

2) авиациялық персонал - авиациялық бағдардағы кәсіби даярлығы бар, ұшуды ұйымдастыру, әуе кемелерінің қозғалысын басқару, әуе кемелеріне қызмет көрсету, авиациялық жұмыстарды орындау жөніндегі, сондай-ақ тасымалдарды, ұшу қауіпсіздігін немесе авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын жеке адамдар;

3) тыйым салынған заттар - оларды қолданумен немесе оларды қолдану қатерімен заңсыз араласу актілері жасалатын қару, басқа бұйымдар және заттар;

4) авиация қызметіне заңсыз араласу - авиацияның қалыпты және қауіпсіз қызметіне араласу арқылы адамдардың бақытсыз жағдайға ұшырауына, материалдық зиян шегуге, әуе кемесінің күшпен басып алынуына немесе қуылып кетуіне әкеп соқтыратын немесе осындай зардаптардың туындау қаупін төндіретін заңсыз әрекет немесе әрекетсіздік;

5) қауіпті жүк - оған тән қасиеттері мен ерекшеліктеріне қарай әуе көлігімен тасымалдау, тиеу-түсіру жұмыстарын жүргізу және сақтау кезінде жарылыстың, өрттің немесе техникалық құралдардың, құрылғылардың, ғимараттардың, құрылыстардың зақымдалуына, сондай-ақ адамдардың, жануарлардың өліміне, зақымдалуына немесе ауруына себеп болуы, қоршаған ортаға зиян келтіруі мүмкін жүк ;

6) авиациялық қауіпсіздік қызметінің басшысы - азаматтық авиация ұйымының басшысына бағынатын, қолданылып жүрген басшы сертификаты (куәлігі), сондай-ақ азаматтық авиация ұйымының авиациялық қауіпсіздік қызметі жұмысын дербес басқару үшін қажетті дайындығы және тәжірибесі бар Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын, уәкілетті орган және Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдарымен келісім бойынша қызметке тағайындалатын және босатылатын тұлға;

7) авиациялық қауіпсіздік қызметі (бұдан әрі - АҚК) - Қазақстан Республикасының азаматтық авиация ұйымдарында міндетті түрде құрылатын, жерде және ұшуда жасалатын заңсыз араласу әрекеттерінен жолаушылардың, авиациялық персоналдың, әуе кемелерінің, әуежай объектілерінің және аэронавигациялық құралдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды тікелей жүзеге асыратын дербес құрылымдық бөлімше;

8) уәкілетті орган - азаматтық авиация саласында мемлекеттік саясат жүргізуді, азаматтық авиация қызметіне мемлекеттік бақылау мен қадағалауды, оны үйлестіру мен реттеуді және Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалануды жүзеге асыратын мемлекеттік басқару органы.

3. Қайта даярлау бағдарламасының мақсаты тиісті біліктілігі бар авиациялық персоналды азаматтық авиацияны оның қызметіне заңсыз араласу актілерінен қорғауды ұйымдастыру мен қамтамасыз етуге және авиациялық қауіпсіздік саласындағы заңнама талаптарын орындауға даярлау болып табылады.

4. Барлық авиациялық персонал оқытуға жатады.

5. Авиациялық қауіпсіздік мәселелері бойынша қайта даярлау бағдарламасын әзірлеу және үйлестіруді жүзеге асыру уәкілетті органға жүктеледі.

Уәкілетті органда оқыту жөніндегі ұлттық үйлестіруші тағайындалады, оның функциялары :

осы Қайта даярлау бағдарламасын жүзеге асыру үшін азаматтық авиация ұйымдарымен өзара іс-әрекет және ынтымақтастық жөнінде үйлестіруді жүзеге

а с ы р у ;

ұсыныстар, бастамалар және осы Қайта даярлау бағдарламасын жүзеге асырумен тікелей байланысты мәселелер жөнінде консультациялық және тікелей көмек беру болып табылады.

Азаматтық авиация ұйымдарының бірінші басшының бұйрығымен АҚҚ оқыту жөніндегі үйлестіруші тағайындалады, оның функциялары:

авиациялық персоналдың қайта даярлануын қамтамасыз ету;  
бөлімшелер бойынша қайта даярлау (оқыту) жоспарларын әзірлеу және азаматтық авиация ұйымдары басшылары бекітетін осы жоспарлардың орындалуын бақылау;

азаматтық авиация ұйымдары басшылары бекітетін Қауіпсіздік жөніндегі басшылыққа Авиациялық қауіпсіздік мәселелері жөнінде оқыту және даярлау ұлттық бағдарламасы (үлгі құрылымы) 7-қосымшаның 16-тармағы талаптарына сәйкес оқыту түрлері бойынша бағдарламаларды әзірлеу. Үлгі бағдарлама осы Қайта даярлау бағдарламасына 1-қосымшада көрсетілген.

6. Авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қатысатын мемлекеттік органдармен авиациялық қауіпсіздікті оқыту мәселелері бойынша өзара іс-әрекет олардың бірлескен бұйрықтары негізінде жүзеге асырылады.

7. ИКАО тіркелген азаматтық авиация оқу орындарында оқу топтарын құруға талаптар :

1) АҚҚ басшылары және мамандары қайта даярлыққа Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігі Азаматтық авиация комитеті төрағасының 2002 жылғы 24 қазандағы N 759 ҚПҰ бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы азаматтық авиация ұйымдары авиациялық қауіпсіздік қызметтерінің басшылары мен мамандары лауазымдарына қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес жіберіледі, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізбесінде 2050 нөмірімен тіркелген;

2) азаматтық авиация ұйымдарының және басқа да мүдделі ұйымдардың және мемлекеттік органдардың жазбаша өтінімдері (кепіл хаттары) бойынша оқу орны басшысының бұйрығымен оқу топтары құрылады. Оқу тобы кем дегенде 6 тыңдаушы болған кезде құрылады, бір оқу тобына 30 артық емес тыңдаушы жіберіледі ;

3) авиациялық қауіпсіздік жөніндегі нұсқаушыларды даярлау оқу топтары бұрын ИКАО оқу орындарында және ИКАО тіркелген азаматтық авиация оқу орындарында АҚҚ басшыларын, АҚҚ тексеру бөлімшесі және қауіпсіздік бөлімшесі мамандарын даярлау курстарында оқытудан өткен авиациялық қауіпсіздік жөніндегі мамандардан құрылады.

8. Авиациялық персоналды қайта даярлау кезінде мынадай кешенді оқу әдістемесі қолданылады :

- 1) аудиториялық сабақ;
- 2) арнайы оқу зертханаларындағы іс-тәжірибелік сабақтар;
- 3) жұмыс орнында және өндіріс процесінде оқыту;
- 4) оқу фильмдарын пайдалану;
- 5) топтық жаттығулар және іскерлік ойындар;
- 6) компьютерлік технологияларды пайдаланумен оқыту;
- 7) әуе кемелерінде тасымалдауға тыйым салынған заттар бейнесін проекциялау жүйесін пайдалану;
- 8) ИКАО авиация қауіпсіздігі жөніндегі оқу жинақтарын пайдалану.

## 9 . О қ ы т у :

арнайы техникалық тексеру құралдарымен;  
аудио-бейне - компьютерлік техникамен;

жарылғыш имитаторлармен немесе өзге де өлімге ұшырататын құрылғылармен және әуе кемелерінде тасымалдауға тыйым салынған заттармен; оқу кино-бейнефильмдермен, өзге де аудио-визуалды және көрсеткіш оқыту құралдарымен, сонымен қатар теңдеме жүк ішіндегі оқ атқыш және суық қарулардың жасырын бейнелерімен жабдықталған арнайы оқу зертханаларында жүргізіледі.

10. Осы Қайта даярлау бағдарламасын іске асыруды жүзеге асыратын білім ұйымдары тыңдаушылар үшін лекцияның ауызша материалдарын толықтыратын , конспекциялауға қажетті материалдардың санын азайтатын және өздерінің функционалдық міндеттерін тиісті орындау үшін басшылық мақсатында зерделеу үшін тұрақты ақпарат көзі болып қызмет ететін таратылатын материалдар әзірлейді.

11. Авиациялық персоналды қайта даярлау үшін оқытудың мынадай түрлері жүргізіледі :

1) АҚҚ мамандарын кіріспе оқыту курсы - АҚҚ қызметкерінің міндеттерін өз бетінше орындауға жіберу алдында 3 ай сынақ мерзіміне дейін АҚҚ алынған азаматтық авиация ұйымы қызметкерінің бастапқы кәсіптік даярлығы. Оқыту АҚҚ қауіпсіздік бөлімшесі маманын және тексеру бөлімшесі маманын Лауазымға енгізу парағына (үлгі) сәйкес жүргізіледі, осы Қайта даярлау бағдарламасына 2-3 қосымшаларына сәйкес.

Даярлықты АҚҚ басшысы (олардың орынбасарлары) және авиациялық қауіпсіздік жөніндегі нұсқаушылар жүргізеді.

2) бастапқы даярлық - авиациялық персоналды ИКАО оқу орындарында және ИКАО тіркелген азаматтық авиация оқу орындарында оқыту және сертификаттау . Оқыту азаматтық авиация оқу орындары әзірлеген бағдарламалары көлемінде жүргізіледі, мазмұны және көлемі осы Қайта даярлау бағдарламасының 4-қосымшасына сәйкес Үлгі сызбалық бағдарламасының 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8-

тармақтарына сәйкес болуы тиіс;

3) біліктілікті жоғарылату курсы - авиациялық персоналды ИКАО оқу орындарында және ИКАО тіркелген азаматтық авиация оқу орындарында кәсіптік деңгейді қолдау, соңғы болған заңсыз араласу актілерінен қауіптің жаңа түрлерін оқыту, авиациялық қауіпсіздік қамтамасыз ету үшін жаңа кәсіптік әдістер және әдістемелерді қолдау мақсатында кезеңді оқыту және сертификаттау. Оқыту азаматтық авиация оқу орындары әзірлеген бағдарламалар көлемінде жүргізіледі, мазмұны және көлемі осы Қайта даярлау бағдарламасына 4-қосымшасына сәйкес Үлгі сызбалық бағдарламасының 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8-тармақтарына сәйкес болуы тиіс;

4) әуежайлардың және авиакомпаниялардың бірінші басшыларын және олардың орынбасарларын авиациялық қауіпсіздік жөніндегі даярлау - ИКАО оқу орындарында және ИКАО тіркелген азаматтық авиация оқу орындарында жүргізіледі. Оқыту азаматтық авиация оқу орны әзірлеген бағдарламалар көлемінде жүргізіледі, мазмұны және көлемі осы Қайта даярлау бағдарламасына 4-қосымшасына сәйкес Үлгі сызбалық бағдарламасының 8-тармағына сәйкес болуы тиіс;

5) авиациялық қауіпсіздік жөніндегі нұсқаушыларды даярлау - ИКАО оқу орындарындағы және ИКАО тіркелген азаматтық авиация оқу орындарындағы сабақ жүргізу әдісі бойынша бастапқы даярлық және біліктілікті жоғарылату курстары. Оқыту азаматтық авиация оқу орны әзірлеген бағдарламалар көлемінде жүргізіледі, мазмұны және көлемі осы Қайта даярлау бағдарламасына 4-қосымшасына сәйкес Үлгі сызбалық бағдарламасының 9-тармағына сәйкес болуы тиіс;

б) авиациялық қауіпсіздік бойынша оқытудың таныстыру курсы - азаматтық авиация ұйымдарында әуежай қызметіне қатысатын басшыларды және персоналды - борттағам, тұрмыстық қызмет көрсету (әуе кемелерін жуушыларды), ЖЖМ қоймалары, почта қызметтері қызметкерлерін, көлік құралдарының жүргізушілерін, еден жуушыларды, жүк агенттерін, жүк жіберушілерді, жүк тиеушілерді, кассирларды, қоймалар мен теңдеме жүк бөлімдерінің жұмысшыларын, әуежай кешенінің инженерлік коммуникацияларының дұрыс жұмыс істеуін қамтамасыз ететін қызметкерлерді даярлау.

Оқыту АҚҚ басшылары (АҚҚ басшыларымен келісім бойынша оқыту жөніндегі үйлестірушілері) әзірлеген, уәкілетті органмен келісіліп, азаматтық авиация ұйымдары бірінші басшыларымен бекітілген бағдарламалар көлемінде жүргізіледі. Оқытуды АҚҚ басшылары (олардың орынбасарлары) және авиациялық қауіпсіздік жөніндегі нұсқаушылар жүргізеді. Даярлық өз бетінше функционалдық міндеттерін орындауға жіберер алдында және бұдан әрі 3 жылда бір рет жүргізіледі;

7) авиациялық қауіпсіздік бойынша ағымды оқу - авиациялық персоналдың жұмыс орындарында әуе кемелерін мезгілдік пайдалануға көшу кезде жылына 2 рет азаматтық авиация ұйымдарындағы даярлық. Оқыту АҚҚ басшылары әзірлеген, уәкілетті органмен келісіліп, азаматтық авиация ұйымдары бірінші басшысымен бекітілген бағдарламалар көлемінде жүргізіледі. Оқытуды АҚҚ басшылары (олардың орынбасарлары) және авиациялық қауіпсіздік жөніндегі нұсқаушылар жүргізеді.

12. Авиациялық персоналдың, АҚҚ қызметкерлерінің, азаматтық авиация ұйымдары басшыларының бастапқы даярлығы және біліктілігін жоғарылату курстарын ИКАО оқу орындарындағы және ИКАО тіркелген азаматтық авиация оқу орындарында осы Қайта даярлау бағдарламасына 5-қосымшасына сәйкес Авиациялық қауіпсіздік мәселелері бойынша қайта даярлау нормасына сәйкес көлемде және мерзімде авиациялық қауіпсіздік жөніндегі нұсқаушы сертификаты бар мамандар жүргізеді.

13. ИКАО оқу орындарындағы және ИКАО тіркелген азаматтық авиация оқу орындарында оқудан өткеннен кейін:

1) АҚҚ басшыларына және мамандарына:

осы Қайта даярлау бағдарламасына 6-қосымшада үлгісі көрсетілген АҚҚ басшысы сертификаты;

осы Қайта даярлау бағдарламасына 7-қосымшада үлгісі көрсетілген авиациялық қауіпсіздік жөніндегі нұсқаушы сертификаты;

осы Қайта даярлау бағдарламасына 8-қосымшада үлгісі көрсетілген мамандығы - "Ұшу алдындағы тексеру", авиациялық қауіпсіздік жөніндегі маман сертификаты;

осы Қайта даярлау бағдарламасына 9-қосымшада үлгісі көрсетілген мамандығы - "Әуежайдың бақылау аймағына кірудің алдын-алу", авиациялық қауіпсіздік жөніндегі маман сертификаты беріледі;

2) азаматтық әуе кемелерінің экипаж мүшелеріне, бортоператорларға, бортсеріктерге, инженерлік-техникалық персоналға, әуе қозғалысына қызмет көрсету органдардың, тасымалдауды ұйымдастыру қызметтердің қызметкерлеріне біліктілігін жоғарылату курстарын бітіргені туралы куәліктер беріледі, онда "Авиациялық қауіпсіздік" - пәнінен емтихан тапсыру кезінде тыңдаушының алған бағасы қойылады;

3) әуежай және авиакомпания басшыларына авиациялық қауіпсіздік бойынша даярлық өткенін растайтын осы Қайта даярлау бағдарламасына 6-қосымшада үлгісі көрсетілген АҚҚ басшысы сертификаты беріледі.

14. Азаматтық авиация ұйымдарында авиациялық қауіпсіздік бойынша даярлық және қайта даярлықты бітіргеннен кейін мыналар жүргізіледі:

1) азаматтық авиация ұйымдарында бірінші басшының бұйрығымен АҚҚ

мамандарының білімін тексеру жөніндегі комиссия құрылады (бұдан әрі - комиссия), құрамы - төраға, төраға орынбасары және АҚҚ басшысы, авиациялық қауіпсіздік жөніндегі нұсқаушы сертификаты және авиация қауіпсіздігі саласында 5 жылдан кем емес жұмыс тәжірибесі бар тұлғалар қатарынан тағайындалатын комиссия мүшелері;

2) теориялық даярлық нәтижесін бағалау жазбаша нысанда немесе тест түрінде жүргізіледі;

3) тәжірибелік әдістемесі жұмыс орнында тәжірибелік тексерумен тексеріледі;

4) орудың кіріспе курсынан кейін АҚҚ әр маманына АҚҚ маманын лауазымға енгізу парағы ресімделеді, осы Қайта даярлау бағдарламасына 2-3-қосымшаларына сәйкес;

5) күнделікті оқыту жүргізу оқу тобының журналында ресімделеді;

6) ИКАО тіркелген азаматтық авиация оқу орындарында оқуды жақсы бітірген АҚҚ қызметкерлеріне азаматтық авиация ұйымының комиссиясы жұмысшының жеке ісіне белгілеумен АҚҚ маманы біліктілігі беріледі.

16. Уәкілетті орган қажет болған жағдайда авиациялық қауіпсіздік мәселелері бойынша қайта даярлау бағдарламаларына өзгерістер енгізеді және оқу материалдарына өзгерістер енгізу үшін ұсыныстар әзірлейді.

Қазақстан Республикасы  
Көлік және коммуникация  
министрлігінің Азаматтық  
авиация комитеті төрағасының  
2006 жылғы 29 қарашадағы  
N 275 бұйрығымен бекітілген  
Авиациялық персоналды авиациялық  
қауіпсіздік мәселелері бойынша  
қайта даярлау бағдарламасына  
1-қосымша

**Тексеру бөлімшесі мамандарын бастапқы даярлауға арналған "Ұшу алдындағы тексеру" курсы бойынша: Үлгі бағдарламасы**

Бағдарлама "Азаматтық авиацияны заңсыз араласу актілерінен қорғауға арналған қауіпсіздік жөніндегі басшылық" ИКАО, DOC.8973 ҚБПУ, "Авиациялық қауіпсіздік мәселелері бойынша оқыту және даярлау ұлттық бағдарламасы" 7-қосымша, ИКАО, "Әуемен қауіпті жүктерді қауіпсіз тасымалдау жөніндегі техникалық нұсқаулық" DOC.9284 AN/905 ИКАО,



Авиациялық қауіпсіздікке қатысты 6-қосымша ережелерін жүзеге асыру жөніндегі басшылық DOC.9811 AN/766 ИКАО, "Азаматтық авиация қауіпсіздігі шаралары жүйесіндегі адам факторы" DOC.9808 AN/765 ИКАО және АҚНБ 11-тармағы талаптарына сәйкес әзірленеді және мынадай мазмұнда болады.

### 1. Оқу процесінің кестесі

1.	Оқу күндерінің саны	6 күн
2.	Аудиториялық жүктеме	күніне 6-8 сағат
3.	Теориялық оқыту	29 сағат
4.	Тәжірибелік сабақ	11 сағат
5.	Кесте бойынша жалпы сағат саны	41 сағат
6.	Ө т к і з у о р н ы (білім ұйымының атауы)	
7.	Тыңдаушылар саны - 25 адамнан артық емес.	

Ескертпе: Емтихандар төртінші сабаққа жоспарланады.

### 2. Пәндер бойынша оқу сағаттарын бөлу

р/с N	Тақырыптар атауы	Сағат саны			
		Барлығы	Лекциялар	Тәжірибе.	Емтихан
1.	Авиациялық қауіпсіздік.	41	29	11	2
	Барлығы:	41	29	11	2

Бағдарлама бойынша бір тыңдаушыға оқу сағаттарының саны емтиханмен қосқанда - 41 сағат (40+1=41) құрайды.

### 3. Курстың мақсаты

АҚҚ (авиациялық қауіпсіздік қызметінің басшылары, олардың орынбасарлары) тексеру бөлімшесі мамандарына, сондай-ақ әуежайларда және азаматтық авиацияға қызмет көрсететін басқа мекемелерде авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі шараларды жүзеге асыруға негізгі жауапты өкілетті органдардың немесе ұйымдардың қызметкерлеріне сертификат берумен бастапқы даярлау үшін.

### 4. Оқуға түсетіндерге қойылатын талаптар

Кандидаттар мынадай талаптарға сәйкес болуы тиіс:  
 бастапқы кәсіптік даярлығы бар және уәкілетті орган бекіткен бағдарлама бойынша жұмыс орнында (жұмысқа алар, тексеру бөлімшесі маманының міндеттерін өз бетінше орындауға жіберер кезде) оқудан өткен;  
 азаматтық авиация ұйымының бірінші басшысының қолы қойылған жолдамасы бар.

## 5. Емтихандарға және аттестаттауға жіберу шарттары

сабақтың 25 % астамын өткізіп алған тыңдаушы емтиханға жіберілмейді;  
бақылау сұрақтардың 30 % қанағаттанғысыз жауап берген тыңдаушы,  
аттестаттаудан өтпейді;  
қанағаттанғысыз баға алған тыңдаушы емтиханды қайта тапсыруға 3 күннен  
кейін жіберіледі;  
емтиханды екі реттен артық қайта тапсыруға жол берілмейді.

## 6. Оқу мақсаты

Тыңдаушылармен бірге авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаттарын, азаматтық авиацияны заңсыз араласу актілерінен қорғау үшін ескертпелік және жауап қайтару шараларын жүзеге асыруға арналған нормаларды, ережелерді, рәсімдерді зерделеу. Осы бағдарлама көлемінде пәнді оқу нәтижесінде тыңдаушы:

азаматтық авиация қызметінің негізін, авиакомпания, әуежай АҚҚ құрылымын, әуежай және авиакомпания қызметтерінің өзара іс-әрекетін; әуе терроризмінің негізін, нысанын және онымен күресу әдісін; ИКАО авиациялық қауіпсіздік жөніндегі стандарттарын және ұсынатын тәжірибесін;

Қазақстан Республикасының азаматтық авиация саласындағы авиация қауіпсіздігін қамтамасыз ету нормативтік құқықтық базасын; авиакомпанияда, әуежайда авиациялық қауіпсіздіктің қамтамасыз етілуін ұйымдастыруды;

адамдардың және көлік құралдарының кіруін бақылау жөніндегі әуежайдың (авиакомпанияның) авиациялық қауіпсіздік нұсқаулық-бағдарламасын; жолаушыларды, қол жүкті, теңдеме жүкті, почтаны және бортқорды тексеру жөніндегі нормаларды, ережелерді және рәсімдерді және оларды орындау әдістерін;

қару құрылымының, жарылғыш құрылғылардың негізін және оларды табудың ерекше белгісін және әдісін;

қаруды, оқ-дәріні, жарылғыш және күдікті құрылғыларды тапқан кездегі қауіпсіздік шараларын;

ықтимал құқық бұзушыларды анықтау жүйесін білуге тиіс. Тасымалдауға тыйым салынған қауіпті нәрселерді және заттарды табуды; авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін барлық қажетті шараларды қабылдауды;

авиакомпанияның авиациялық персоналынан, жолаушылардан және келушілерден авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі нормаларды, ережелерді және рәсімдерді орындауды талап етуді;

табылған қаруды, қару жаракты, жарылғыш заттарды, жарылғыш құрылғыларды және қауіпті нәрселерді мамандар келгенге дейін ұстауды; әуежайда заңсыз араласу актілерімен байланысты төтенше жағдайда дұрыс әрекет етуді;

әуежайдың басқа қызметтерімен байланысуды және өзара әрекет етуді, өзінің функционалды міндеттерін орындауды;

қол жүкті және теңдеме жүкті қолмен тексеруді; жолаушылардың, әуежайдың бақылау аймақтарына өтетін барлық тұлғалардың жеке басын тексеруді орындауды;

әуежайдың (авиакомпанияның) Авиациялық қауіпсіздік нұсқаулық-бағдарламасына сәйкес жолаушыларды, қол жүкті, теңдеме жүкті, жүкті, почтаны және бортқорды тексеру жөніндегі іс-шаралардың жүзеге асырылуын орындауды және бақылауды жасай алуы тиіс.

## 7. Әдістемелік ұсыныстар

1) "Азаматтық авиацияны заңсыз араласу актілерінен қорғауға арналған қауіпсіздік жөніндегі басшылықта" ИКАО көрсетілген нұсқаулық материалдарды пайдаланумен оқыту жүргізу;

2) тасымалдауға тыйым салынған заттармен, қарудың, қару жарактардың, жарылғыш заттардың, жарылғыш құрылғылардың имитаторларымен жабдықталған арнайы оқыту зертханаларында ИКАО (ТУМР) үлгі оқыту-әдістемелік әзірлемелерін пайдаланумен және тақырыптық оқытудың аудиовизуалдық оқу құралдарын пайдаланумен сабақ жүргізу.

## 8. Тақырыптық жоспар

р/с №№	Тақырып атауы	Сағаттар саны		
		Барлығы	Лекциялар	Тәжірибе
1.	Курсқа кіріспе.	2	2	
2.	Авиациялық қауіпсіздікті нормативтік құқықтық қамтамасыз ету.	3	3	
3.	Жарылғыш заттарды және қаруды табу.	6	4	2
4.	Әуемен қауіпті жүкті қауіпсіз тасымалдау.	6	5	1
5.	Ықтимал құқық бұзушыларды вербалдық және вербалдық емес белгілері бойынша анықтау.	6	4	2

6.	Рентгендік-телевизиялық құрылғылар көмегімен теңдеме жүкті тексеру.	4	2	2
7.	Металліздегіштер көмегімен тексеру.	2	1	1
8.	Тексеру және әуежайдың тазартылған алаңында қауіпсіздікті қамтамасыз ету.	1	1	
9.	Бақылау тексеру, жолаушыларды техникалық құралдармен және қолмен тексеру.	4	2	2
10.	Теңдеме жүкті қолмен тексеру.	3	2	1
11.	Азаматтық әуе кемелерінде қаруды және қару жаракты тасымалдау ережесі.	1	1	
12.	Төтенше жағдайдағы тексеру тобы қызметкерлерінің әрекеті.	2	2	
	Емтихан.	2		
	Барлығы:	42	29	11

## Бағдарлама мазмұны

1-тақырып. Курсқа кіріспе

- 2 сағат

1. Курс мақсаты, тақырыптық жоспар және оқыту әдістемесі.
2. Авиакөліктік жүйе қауіпсіздігіне қауіп төну сипаттамасы.
3. Құқық бұзушыларды қысқаша суреттеу, олардың әдістері мен мақсаттары.
4. Заңсыз араласу актісі объектісі ретіндегі әуе кемесінің ерекшеліктері.
5. Заңсыз араласу актілерін талдау, Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясында авиациялық қауіпсіздік жағдайы.
6. Авиациялық қауіпсіздік саласында карьера жасау мүмкіндігін бағалау.
7. Әуежайдың ең әлсіз орындары.

2-тақырып. Авиациялық қауіпсіздікті нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету - 3 сағат

1. Авиациялық қауіпсіздік жөніндегі ИКАО конвенциялары.
2. Халықаралық азаматтық авиация ұйымы туралы конвенцияға "Қауіпсіздік. Халықаралық азаматтық авиация ұйымын заңсыз араласу актілерінен қорғау. Халықаралық стандарттар және ұсынылатын тәжірибе" 17-қосымшасы.
3. "Азаматтық авиацияны заңсыз араласу актілерінен қорғауға арналған қауіпсіздік жөніндегі басшылық", ИКАО.
4. Қазақстан Республикасы азаматтық авиациясының авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі нормативтік-құқықтық актілер.
5. Авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің негізгі қағидаттары.

3-тақырып. Жарылғыш құрылғылар және қаруды табу.

- 6 сағат

1. Тасымалдауға тыйым салынған нәрселерді анықтау және топтастыру.
2. Қолдан жасалған жарылғыш және жанатын құрылғылардың, минаұстағыштың, тасымалдауға тыйым салынған нәрселердің, қару және қауіпті заттардың

құрылымының негізі, ерекшелік нысандары басқа нәрселерге жасырылған, бөлшектерге бөлінген немесе жасырылған жағдайларды қоса алғанда, конструкцияларының негізі, айрықша белгілері, табу әдістері. Алынбаушылық элементтер. Қауіпсіздік шаралары.

3. Құқық бұзушылардың жарылғыш және жанатын құрылғыларды, қаруды, қару жарақтарды, сондай-ақ тасымалдауға тыйым салынған нәрселерді жасыру әдістерін оқу.

4. "Бомба-сәлемдеме", "бомба-хат" белгілері.

4-тақырып. Әуемен қауіпті жүктерді қауіпсіз тасымалдау - 6 сағат

1. Қауіпті заттар және бұйымдар. Қауіпті жүк терминін анықтау. Әуе көлігімен тасымалдау ерекшеліктері. Әуе көлігімен тасымалдау кезіндегі қауіпті жүктермен авиациялық оқиға және инциденттер.

2. Қауіпті жүктерді тасымалдауды реттейтін нормативтік құжаттардағы тасымалдауды ұйымдастыру жөніндегі талаптар.

3. Қауіпті жүктер жіктеулері.

4. Жүк орындарын нысандау және қауіпті орындар белгілері.

5. Қауіпті жүктерді тасымалдау кезіндегі шектеулер.

6. Жолаушылар және экипаж мүшелері тасымалдайтын қауіпті жүктерге қатысты ережелер.

7. Декларацияланбаған қауіпті жүктерге көмек көрсетуге арналған ережелер.

5-тақырып. Ықтимал құқық бұзушыларды вербалды және - 6 сағат вербалды емес белгілері бойынша анықтау.

1. Терроризм туралы түсінік. Терроризм әлеуметтік мәселе ретінде. Терроризмнің әлеуметтік-психологиялық факторлары. Террористің тұлғасы және оның ерекшеліктері.

2. Сөйлесу түсінігін анықтау, сөйлесу құрылымы және құралы. Сөйлесудегі бірінші әсер. Сөйлесудің негізгі түрлері.

3. Әріптеске психологиялық тәсілмен әсер ету.

4. Ықтимал құқық бұзушыны вербалды емес жүріс-тұрыс (мимика, қозғалысы, пантомимика) ерекшеліктері бойынша анықтау. Бет ұсқыны және оның негізгі мінездемесі. Бет ұсқыны бойынша өтірікті анықтау. Көз қарас түрлері. Қозғалыс және оның ерекшеліктері.

5. Ықтимал құқық бұзушының сөйлесуінің вербалды белгісінен анықтау.

6. Қастықтың негізгі көрсеткіштері.

6-тақырып. Рентгендік-телевизиялық қондырғы көмегімен - 4 сағат теңдеме жүкті тексеру.

1. Рентгендік-телевизиялық қондырғылардың жұмыс қағидаты.

Рентгендік-телевизиялық қондырғыны жұмысқа дайындау тәртібі, рентгендік қондырғыны қосу және қауіпсіз пайдалану.

2. Рентгендік қондырғы мониторындағы көлеңке бейнесіне қарай тасымалдауға тыйым салынған немесе қауіпті болуы мүмкін заттарды анықтау.

3. Тасымалдау таспасына әр түрлі қол жүктері мен теңдеме жүктері түрлерін дұрыс орналастыру әдістері.

4. Стандартты пайдалану рәсімдеріне сәйкес қолмен тексеру үшін теңдеме жүкті т а н д а у .

5. Тасымалдауға тыйым салынған заттарды табу кездегі әрекет.

6. Тасымалдауға тыйым салынған заттарды алу тәртібі.

7. Рентгендік-телевизиялық қондырғылардың негізгі кемшіліктері.

7-тақырып. Металліздегіштер көмегімен тексеру. - 2 сағат

1. Металліздегіштер жұмысының қағидаты. Металліздегіштерді жұмысқа дайындау тәртібі, қосу және қауіпсіз пайдалану.

2. Металліздегіштердің негізгі кемшіліктері.

3. Шағын металліздегіштер көмегімен жолаушыларды тексеру. Металліздегіштер сигналын бақылау және ол қосылған жағдайда пайдалану рәсімдік стандарттарына сәйкес әрекет ету тәртібі.

8-тақырып. Тексеру және әуежайдың тазартылған алаңында қауіпсіздікті қамтамасыз ету. - 1 сағат

1. Күтудің "тазартылған" алаңының негізгі түрлері.

2. Тасымалдауға тыйым салынған заттарды табу мақсатында күту алаңына қолмен тексеру жүргізу.

3. Күту аймағында "күдікті" заттарды тапқан жағдайда пайдалану рәсімдеріне сәйкес әрекет ету тәртібін оқу.

9-тақырып. Бақылау тексеру, жолаушыларды техникалық құралдармен және қолмен тексеру. - 4 сағат

